

ГЕОГРАФИЯДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА 2015 ж.
ЖАЗБАША ТУР ТАПСЫРМАЛАРЫ
11 СЫНЫП

ТАПСЫРМА 1.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Карта масштабы 1:1 000 000, картаның бір бөлігінің номенклатурасы К-43. Осы бір бөліктің бұрыштық координаталарын анықтаңыз.

2. Қорықшы (егерь) квадраттық пішіндегі орман алқабын сағатына 10 километр құрайтын орташа жылдамдықпен 4 сағат ішінде атпен аралап шығады.

а) Егер бұл орман алқабы картада 400 см^2 алып жатса, картаның масштабы қандай болады?

б) Бұл орман алқабында орташа тығыздығы 1 гектарға 6 ағаш болған жадайда, қанша емен өседі?

3. А және Б бекеттері бір меридианда орналасқан. 23 қыркүйекте талтүсте А бекетінде Күн көкжиектен 74° биіктікте болып, көлеңке солтүстікке қарай түседі. Б бекетінде Күн сол биіктікте 21 наурыздың талтүсінде болады да, көлеңке оңтүстікке қарай түседі. Анықтаңыз:

а) А бекетінің ендігін;

б) Б бекетінің ендігін;

в) А және Б бекеттері арасындағы ара қашықтықты градуспен;

г) А және Б бекеттері арасындағы ара қашықтықты километрмен.

Бағалау өлшемдері:

Сұрақтың 1- бөлігі бойынша: бұрыштық координаталарды дұрыс анықтағаны үшін – 0,5 ұпайдан (максимум – 2 ұпай)

Сұрақтың 2 - бөлігі бойынша: картаның масштабы мен емен санын дұрыс анықтағаны үшін – 1 ұпайдан (максимум - 2 ұпай).


Сұрақтың 3 - бөлігі бойынша: А және Б бекеттерінің ендігін және олардың ара қашықтығын градус және километрмен дұрыс анықтағаны үшін – 1 ұпайдан (максимум – 4 ұпай).

Барлығы – 8 ұпай.

ТАПСЫРМА 2.

Төмендегі сурет бойынша Латын Америкасындағы өзеннің атауы мен оның сағаларын анықтаңыз. Сағаларға жақын орналасқан әріптік белгілерге қатысты өзендер мен қалалардың атауын кестеге толтырыңыз (суретте қалалар қара нүктелермен берілген).

Келтірілген карта-сұлбалар бірдей масштабта жасалған. Картадағы өзендердің орналасу түрі өзгертілген.



| № | Өзен | Саға, қала |
|---|------|------------|
| A | | |
| B | | |
| C | | |
| D | | |
| E | | |

Бағалау өлшемдері:

Әріптік белгілермен өзен атауаларын дұрыс сәйкестендіріп көрсеткені үшін - 1 ұпайдан (5 ұпай) және қалаларды сәйкестендіргені үшін - 1 ұпайдан (максимум – 5 ұпай).

Барлығы – 10 ұпай.

ТАПСЫРМА 3.

Төменде көрсетілген карта-сұлбаларда (2011 жылғы мәлімет) әлем елдеріндегі әртүрлі құбылыстардың саралануы көрсетілген. Суреттегі шеңбер ауданы бұл құбылыстың абсолютті мәніне тура пропорциялы. Бұл көрсеткіштердің дұрыс сәйкестігін таңдаңыз, яғни: А, В, С, D, E, F көрсеткіштерінің карта-сұлбадағы 1-4 сандарымен. Әрбір санға сіздер тек бір ғана әріппен берілген көрсеткішті енгізе аласыз. Қалған екі көрсеткішті белгілеңіз.

A- CO₂ шығарындыларының жылдық көлемі;


B – жоғары технологиялы өнеркәсіп өнімі экспортының құны;

C – шөлденуге бейімделген аумақ;

D – көмір өндіру;

E – ормандар ауданы;

F – қала халқының үлесі.



Бағалау өлшемдері:

Карта-сұлбаның жоғарғы сол жақ бұрышында көрсетілген сандар мен А, В, С, D, E, F әріптерімен белгіленген көрсеткіштердің сәйкестігін дұрыс анықтаған жағдайда – әрқайсысына 1 ұпайдан (максимум – 4 ұпай);

Қалған 2 көрсеткішті дұрыс анықтағаны үшін – әрқайсысына 0,5 ұпайдан (максимум – 1 ұпай).

Барлығы – 5 ұпай.

ТАПСЫРМА 4.

Картада сандармен жалпы ұлттық ұқсастықтары бар, бірақ өздерінің жеке мемлекеттері жоқ халықтың этникалық топтары мекендейтін аудандар көрсетілген.

Этникалық топтар: баскілер, бретондар, шешендер, фламандар, фриздер, карелдер, каталондықтар, корсикандықтар, лопарлар, сербтер, мордвалар, шотландықтар, қырым татарлары, валлийлер, валлондар.

Берілген сандарға (1-12) сәйкес этникалық топтарды анықтаңыз.

Сонымен қатар, төмендегі ұлт туралы ақпарат берілген әріптерді ұлттың атымен сәйкестендіріңіз.

А. Бұл ұлт Еуропадағы ең байырғы ұлттардың бірі ретінде қарастырылады. Өзіне тән ерекше тілді қолданады. Бірнеше ғасырлар бойы тәуелсіздікке талпынып келеді, кейде ол үшін террорлық актілер тактикасын да қолданады.

В. Көп миллионды ұлт, ислам дінін ұстанады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде КСРО мемлекеттік Қорғаныс комитетінің шешімі бойынша бұрынғы мекендеген аумақтарынан жер аударылды.


С. Өздерінің жеке мемлекеті жоқ, саны жағынан ең көп (7 миллион адамға жуық) еуропалық ұлт. Автономия деңгейі өте жоғары аймақта тұрады және ол Еуропадағы туристер өте көп келетін ең бай аймақ болып табылады.

Д. Он сегізінші ғасырдың басынан бастап, жүздеген жылдар бойы оңтүстік көршісінің жаулап алуынан қорғанып келген ұлт. Бұл ұлттың ерекше белгісі – дәстүрлі ерлер киімі.

Е. Бұл ұлттың қазіргі атауы "саамдар". Ұлттың көптеген өкілдері лютерандар және православтық шіркеуге жатады, олардың дінінде бұрынғыша анимистік сенім элементтері кездеседі.

Ғ. Кельт тілдес тайпадан пайда болған ұлт. Олар әлі күнге дейін өзінің байырғы салттарын сақтап қалған, жыл сайын көпшілік серуені ұйымдастырылып, друидтар кәдесі

жасалады. Олар ақындар жарысын ұйымдастырып отырады, оны жеңіп шыққандар бард атағын алады.



Бағалау өлшемдері:

Сандық белгіні ұлттың атауымен дұрыс сәйкестендіргені үшін— 0,5 ұпайдан (максимум – 6 ұпай);

Әріптік белгіні ұлттың атауымен дұрыс сәйкестендіргені үшін - 0,5 ұпайдан (максимум – 3 ұпай).

Барлығы – 9 ұпай.

ТАПСЫРМА 5.

Африка әлемнің ең тұрақсыз аймақтарының бірі, мұнда көптеген онжылдықтар бойы әскери қақтығыстар жалғасып және сонымен бірге жаңалары да пайда болуда. Өткен ғасырдың 90-жылдары әкери іс-әрекеттер 15 африкалық мемлекеттер аумағында жүрді. Төменде келтірілген сипаттамалар бойынша елді, ондағы қақтығысып отырған этникалық топтарды және табиғи ресурсын анықтаңыз.

1) 1962 жылға дейін бұл ел Бельгияның арнайы отары болды. Елдегі тұрақсыз жағдай көптен бері екі этно-әлеуметтік топтар арасында жалғасып отыр. 1994 ж. болған геноцидтің нәтижесінде әртүрлі деректер бойынша үш айда 500 000 –нан 1 000 000 адамға дейін қаза тапқан. Азаматтық соғыстың нәтижесінде бұл елден 2 миллионнан астам адам кетіп қалған.

Мемлекеттің атауы: _____

Бір-біріне жауласып отырған этникалық топтар: _____ және _____

2) Мемлекеттің шекарасы отарлану кезеңінде нақтыланбай, жасанды түрде жүргізілді және шекараны белгілегенде этноконфессионалды ерекшеліктер ескерілмеді, бұл жағдай елдегі үздіксіз азаматтық соғысқа әкеліп соқты. 2011 жылы қақтығыстардың нәтижесінде ел екі бөлікке бөлінді және қазіргі кезде олардың арасындағы қатынас аумақтық және экономикалық дауға байланысты өте күрделі болып отыр, кейде ол қарулы қақтығыстарға да ұласады.

Мемлекеттің атауы: _____

Елдің негізгі табиғи ресурсы: _____

3) Бұл елдерде азаматтық соғыс немесе басқаша айтқанда алмаз қақтығысы бір уақытта жүрді және бір-бірімен байланысты болды. Бірінші елде 1989 жылдан бастап ел үкіметі мен көтерілісшілер жасағы арасында әскери қақтығыстар басталды. 2003 жылы соғыс көтерісшілер жасағының жеңісімен және президенттің елден қашуымен аяқталды. Осыған ұқсас жағдай екінші елде де болды. Мұнда соғыс 11 жылға жалғасты (1991—2002 жылдар), бұл аралықта ел үкіметі бірнеше рет ауысты, бұл елге басқа мемлекеттерден де әскери жасақтар кіргізілді, жаңа көтерісшілер жасағы құрылды. 2005 жылы бірінші елдегі президент сайлауында Эллен Джонсон-Серлиф – Африкадағы бірінші әйел- президент жеңіске жетті.

№ 1 мемлекеттің атауы: _____

№ 2 мемлекеттің атауы: _____

4) Бұл елдегі азамат соғысы 1976 жылы басталып, 1992 жылға дейін жалғасты. Ел КСРО-ның қызығушылық танытқан аумағына кірді және ол мұндағы ұлт-азаттық қозғалыстар тобын қолдап отырды. 1992 жылы өштесіп отырған күштер бітімге қол қойды. 2011 жылы елдің солтүстігінде табиғи газ кен орны ашылды, соның нәтижесінде оның әлемдегі газ өндіретін ірі елдер ондығына кіруі мүмкін (итальяндық ENI бағалауы бойынша жылдық кіріс 10 млрд доллар болады).

Мемлекеттің атауы: _____

Бағалау өлшемдері:

Мемлекеттің атауын, этникалық топтарды және табиғи ресурсты дұрыс анықтағаны үшін –1 ұпайдан (максимум – 8 ұпай).

Барлығы: 8 ұпай.

ЖАЛПЫ: 40 ұпай

ТАПСЫРМА АЯҚТАЛДЫ !

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ОЛИМПИАДА ПО ГЕОГРАФИИ 2015 г.
ЗАДАНИЯ ПИСЬМЕННОГО ТУРА
11 КЛАСС

ЗАДАНИЕ 1.

Ответьте на вопросы:

4. Масштаб карты составляет 1:1 000 000, номенклатура данного участка карты составляет К-43. Определите угловые координаты этого участка.

5. Егерь объезжает на лошади за 4 часа лесной массив квадратной формы со средней скоростью 10 километров в час.

а) Каков масштаб карты, если этот лесной массив занимает на ней 400 см²?

б) Сколько дубов произрастает в этом лесном массиве, если их средняя плотность - 6 деревьев на 1 га?

6. Пункт А и пункт Б расположены на одном меридиане. В полдень 23 сентября в пункте А солнце находится на высоте 74° над горизонтом, причем тени падают на север. В пункте Б Солнце находится на той же высоте в полдень 21 марта, причем тени падают на юг. Определите:

а) широту пункта А;

б) широту пункта Б;

в) расстояние между А и Б в градусах;

г) расстояние между А и Б в километрах.

Критерии оценки:

По 1 пункту вопроса: за правильное определение угловых координат – по 0,5 балла (максимум – 2 балла)

По 2 пункту вопроса: за правильное определение масштаба карты и количества дубов – по 1 баллу (максимум - 2 балла).


По 3 пункту вопроса: за определение широты пунктов А и Б и расстояний между ними в градусах и километрах – по 1 баллу (максимум – 4 балл).

Итого – 8 баллов.

ЗАДАНИЕ 2.

Определите по рисункам названия рек Латинской Америки и их устья. Заполните таблицу в соответствии с буквенным обозначением названия рек и городов, расположенных недалеко от устья (города на рисунках обозначены черными точками).

Приведенные картосхемы были сделаны в одинаковых масштабах. Расположение рек на карте видоизменено.



Критерии оценки:

За верно указанное соответствие буквенного обозначения с названием реки - по 1 баллу (5 баллов) и соответствующих городов - по 1 баллу (максимум – 5 баллов).

Итого – 10 баллов.

ЗАДАНИЕ 3.

На картосхемах, представленных ниже (данные на 2011 г.), приведена дифференциация различных явлений в странах мира. Площадь кругов прямо пропорциональна абсолютной величине этого явления. Выберите правильное соответствие этих показателей (А, В, С, D, E, F) с картосхемами (1-4). Для каждой цифры вы можете ввести только одну букву. Выделите 2 оставшихся показателя.

А- годовой объем выбросов CO₂;


В - стоимость экспорта высокотехнологичной промышленной продукции;

С – территория, подверженная опустыниванию;

D - добыча угля;

E - площадь лесов;

F – доля городского населения.



Критерии оценки:

За правильное соответствие перечисленных показателей (А, В, С, D, E, F) с цифрами, указанными на верхнем углу картосхемы (1-4) – по 1 баллу (максимум – 4 балла);

За правильное определение 2 оставшихся показателей – по 0,5 балла (максимум – 1 балл).

Итого –5 баллов.

ЗАДАНИЕ 4.

На карте цифрами отмечены районы, населенные этническими группами людей, имеющих общую национальную идентичность, но не имеющих собственных государств.

Этнические группы: баски, бретонцы, чеченцы, фламандцы, фризы, карелы, каталонцы, корсиканцы, лопари, сербы, мордва, шотландцы, крымские татары, валлийцы, валлоны.

Определите соответствующие цифрам этнические группы (1-12).

Также соотнесите буквы, в котором указана информация о нации, с названием народностей.

А. Нация рассматривается как один из старейших в Европе. Используют очень специфический язык. На протяжении веков стремится к суверенитету, иногда даже с применением тактики террористических актов.

В. Многомиллионная нация, исповедующая ислам. Во время Второй мировой войны по решению Государственного комитета обороны СССР была депортирована из области ранее населенной территории.


С. Самая многочисленная (около 7 миллионов человек) европейская нация, которая не имеет отдельного государства. Проживают в регионе, который имеет очень высокую степень автономии, и является одним из самых богатых в Европе, который очень охотно посещают туристы.

Д. Нация на протяжении сотен лет защищалась от вторжения южного соседа еще с начала восемнадцатого века. Отличительная характеристика этой нации - традиционная мужская одежда.

Е. Современное название этой нации "саамы". Многочисленные представители народа являются лютеранами, и принадлежат к православной церкви, в их религии по-прежнему присутствуют элементы анимистических верований.

Е. Нация берет свое происхождение от кельтоязычных племен. Этот народ до сих пор сохранил свои древние традиции, ежегодно проводятся народные гуляния, обряды

друидов и организуются поэтические турниры, победители которых получают звание барда.



Критерии оценки:

За верно указанное соответствие цифрового обозначения с названием наций – по 0,5 балла (максимум – 6 баллов);

За правильное соответствие буквенного обозначения с названием наций - по 0,5 баллу (максимум – 3 балла).

Итого – 9 баллов.

ЗАДАНИЕ 5.

Африка является одним из самых нестабильных регионов мира, где на протяжении многих десятилетий продолжают военные конфликты и вспыхивают новые. В 90-е годы прошлого столетия боевые действия велись на территории более чем 15 африканских государств. По приведенному ниже описанию определите страны и конфликтующие этнические группы и природный ресурс?

5) До 1962 года страна являлась официальной колонией Бельгии. Нестабильная ситуация в стране продолжается уже давно между двумя этно-социальными группами. Из-за произошедшего в 1994 г. геноцида в течение трех месяцев погибло по разным данным от 500 000 до 1 000 000 человек. Из-за гражданской войны из страны бежали свыше 2 миллионов человек.

Название государства: _____

Названия двух враждующих этнических групп: _____ и _____

6) Границы государства в колониальный период были проведены искусственно и не учитывали этноконфессиональных различий, что привело к практически непрерывной гражданской войне. В 2011 году раздираемая конфликтами страна распалась на две части, между которыми отношения остаются крайне напряжёнными, вплоть до вооружённых конфликтов, ввиду территориальных и экономических споров.

Название государства: _____

Главный природной ресурс страны: _____

7) Гражданская война, или так называемый алмазный конфликт, в этих странах происходил параллельно и был связан между собой. В первой стране начиная с 1989 года начались вооружённые конфликты между правительством страны и повстанческими группировками. В 2003 году война завершилась победой повстанческих группировок и бегством из страны президента. Аналогичная ситуация происходила и во второй стране. Здесь война продолжалась 11 лет (1991—2002 годы), в течение которых не раз менялось правительство страны, в неё вводились военные контингенты других государств, появлялись новые повстанческие группировки. В 2005 году в первой стране в выборах президента выиграла Элен Джонсон-Серлиф - первая женщина-президент в Африке.

Название государства № 1: _____

Название государства № 2: _____

8) Гражданская война в этой стране началась в 1976 году и продолжалась до 1992 года. Страна входила в зону интересов СССР, который поддерживал в этой стране группу национально-освободительных движений. В 1992 году противоборствующие силы подписали перемирие. В 2011 году на севере страны были открыты месторождения природного газа, которые обещают вывести страну в десятку крупнейших его производителей (по оценкам итальянской ENI, ежегодный доход составит более 10 млрд долларов).

Название государства: _____

Критерии оценки:

За правильное определение названий государств, этнических групп и природного ресурса – по 1 баллу (максимум – 8 баллов).

Итого: 8 баллов.

ВСЕГО: 40 баллов

ЗАДАНИЯ ЗАВЕРШЕНЫ!